**Автор**: Досбаева Оразкүл Нұрланбекқызы
**Пән**: Жаратылыстану
**Сынып**: 1-сынып
**Бөлім**: Адам
**Тақырып**: Қалай дұрыс тамақтану керек ?

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | **1.2.3.3.** Адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттіліктерді анықтау.<br>**1.1.1.1.** Қоршаған әлем құбылыстары , үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажетілігін түсіндіру. |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Адамның өсуі мен дамуына пайдалы тағамдардың керек екенін біледі |
| Тілдік мақсаттар: | Сабақ барысында оқушылар түйінді сөздерді қолданады.<br>**Түйінді сөздер мен сөз тіркестері:**<br>Пайдалы тағам – полезная пища – healthyfood. Тамақтану пирамидасы – пирамида питания – the food pyramid.<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>- Адамның өмір сүруі үшін қажет жағдайлар не ? - Пайдалы тағам түрлерін ата? - Зиянды тағам түрлерін ата? - Дұрыс тамақтану не үшін қажет ? - Дұрыс тамақтану ережесін ата? - Отбасылық мерекелер қалай өтеді? - Қандай тағамдарды сүйіп жейсіндер? |
| Бағалау критерийлері: | **1.** Адамның өмір сүруі үшін керекті қажеттіліктерді анықтайды.<br>**2.** Қоршаған әлем құбылыстарын, нысандарын зерттейді, қажеттілігін түсіндіреді. |
| Құндылықтарды дарыту: | Салауатты өмір салтын ұстану, денсаулықты күту, үлкенді құрметтеу, сыйлау, ынтымақтастық құндылықтарын бала бойына дарыту |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Bilimland.kz сайт материалдарын пайдалану арқылы АКТ дағдыларын қалыптастыру. |
| Пәнаралық байланыс: | Көркем еңбек – суреттерді бояу. Дүниетану – отбасылық дәстүр. |
| Бастапқы білім: | Пайдалы тағам, тамақтану, тамақ сөздерінің мағынасын түсінеді. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **1. Психологиялық ахуал**<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз,<br>Сәлем бердік бәріңе,<br>Құрметпенен біз. (қимылмен көрсетеді)<br>Тақтаға жазылған сөздер арқылы бөлінеді<br>**Сусындар, Тәттілер, Жемістер.**<br>- Адамдар бұл заттарды не үшін қолданады?<br>Сабақтың оқу мақсатын хабарлау.<br>- Олай болса, бүгін дұрыс тамақтану жолдарын білесіңдер, пайдалы және зиянды тағам түрлерімен танысасыңдар. | Стикер, сурет қиындылары. |

| **Сабақкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **1. Сұрақ ілмегі. Ұ.МК.**<br>-  Адамдар не үшін тамақтанады?<br>- Күніне неше рет тамақтану керек?<br>- Мөлшері қандай болуы керек?<br>- Қай уақытта тамақтанған дұрыс?<br>- Қай тағамды таңертең, қай тағамды кешке жеген дұрыс?<br> - Қазақтын ұлттық тағамдарын ата?<br>Видео көрсету ұлттық тағамдар.<br>**2. «Ойлан, жұптас, бөліс».Т**<br>Тамақтану пирамидасындағы азық-түліктерінің орналасуы. Пирамиданың төменгі жағында тамаққа жиі қолданатын азық-түліктер, ал төбесінде шектеулі мөлшерде қолдануға тиісті азық-түліктер орналастырылған.<br><br>**Дескриптор:**<br>1.Тамақтану пирамидасындағы заттарды атайды.<br>2. Пайдалы және зиянды тағам түрлерін ажыратады.<br>3. Тамақтың адам өміріндегі қажеттілігін түсінеді.<br><br>**Кері байланыс:** Серпілген доп<br>**ҚБ:** Бағдаршамам<br>**3.Сен білесің бе? МК.**<br>Биенің жаңа сауылған сүті өте пайдалы.<br>Мұндай сусынды саумал деп атайды. Оның көптеген пайдасы бар.<br>**Сергіту сәті:** Қимылмен көрсету<br>**4. Суреттер сөйлейді. Т.**<br>Суреттерге сүйеніп, адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттіліктерді атаңыз. Өз ойыңызды түсіндіріңіз.<br>**Дескриптор:**<br>**1**.Адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттіліктерді атайды;<br>**2.** Адамның өсуі мен дамуына қажетті жағдайлар туралыәңгімелейді.<br>**Кері байланыс:** Серпілген доп<br>**ҚБ:** Бағдаршам<br>**5. Түсінік корзинасы Зерттеу. Ж.**<br>Толтырылмаған тамақтану пирамидасы бар қағаз таратылады, өзі жиі тұтынатын азық-түлікті пирамида сатыларына<br>орналастырады.<br>**Дескриптор:**<br>**1.**Адам өміріне қажетті  азық-түліктерге зерттеу жасайды, қажетілігін түсіндіреді.<br>**2.** Пайдалы тағамдар жайында әңгімелейді.<br>**3.** Қорытынды жасайды.<br>Кері байланыс:Серпілген доп<br>ҚБ: Бағдаршам<br>**6. «Сиқырлы қалам».**<br>3 күнге арнап  таңғы ас мәзірін дайында. Бірінші күнгі таңғы асқа қажетті азық-түлікті көк түспен, екінші күндікін жасыл, үшінші күндікін қызыл түспен қоршап сыз.<br>**Дескриптор:**<br>**1.** Үш күнгі таңғы ас мәзірін анықтайды.<br>**2.** Қажетті азақ-түлікті бояйды, қоршап сызады.<br>**Кері байланыс:** Серпілген доп<br>**ҚБ:** Бағдаршам | Оқулық.  Суреттер, видео көрініс.<br>https://youtu.be/87DXDvM7RBg<br><br>Тамақтану пирамидасының сызбалық көрінісі.<br><br>Тамақтану пирамидасы бар парақтар, суреттер.<br><br>Видео көрініс.<br>http://youtu.be/7zrynt1NLh8<br><br>Суреттер.<br><br>Бос пирамида.<br><br>Дәптермен жұмыс. |
| Сабақтың соңы | Кері байланыс: Табыс баспалдағы | Баспалдақ, смайликтер. |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Рефлексия Сабақтың мақсаты мен оқу мақсаттары орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалайөтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма ? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге? | Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз. | |